

Павлодар облысының әкімдігі, жұмыс
берушілердің өкілетті өкілдері және кәсіптік
одақтардың аумақтық бірлестіктері арасындағы
2024 – 2026 жылдарға арналған
ОБЛЫСТЫҚ КЕЛІСІМ

Тіркелді:
Қазақстан Республикасының Еңбек және
халықты әлеуметтік қорғау министрлігі
2024 ж. «17» мамыр № 339

Б. Бердұшев., Бектұев

Павлодар қ., 2024 жыл

**Павлодар облысының әкімдігі, жұмыс
берушілердің өкілетті өкілдері және кәсіптік
одақтардың аумақтық бірлестіктері арасындағы
2024 – 2026 жылдарға арналған
ОБЛЫСТЫҚ КЕЛІСІМ**

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын өңірлік деңгейдегі әлеуметтік әріптестік тараптарының өкілетті өкілдері, ал жеке-жеке Тарап Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оның мүлтіксіз сақталуын мойындай отырып, Тараптардың тепе-тең өкілдігі мен тең құқықтылығы, қабылданған міндеттемелерді және сындарлы өзара іс-қимылды орындағаны үшін әрбір Тараптың өзара сыйластығы мен жауапкершілігі қағидаттарын басшылыққа ала отырып, осы облыстық келісімді жергілікті атқарушы органдар арасында 2024-2026 жылдарға арналған жұмыс берушілердің өкілетті өкілдері және кәсіптік одақтардың аумақтық бірлестіктері Облыстық келісім жасасты (бұдан әрі - Облыстық келісім).

Облыстық Келісім Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес өңірде әлеуметтік әріптестік пен диалогты дамыту; өңірдің бағдарламалық және стратегиялық құжаттарын қарау; әлеуметтік-еңбек жанжалдары мен ереуілдердің алдын алу және оларды болғызбау жөніндегі іс-шаралар; жұмыс берушілер мен қызметкерлердің өкілдеріне еңбек дауларын реттеуге жәрдемдесу; жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуге және жұмыссыздық деңгейін қысқартуға бағытталған шаралар қабылдау туралы ережелерді қамтиды; ұжымдық еңбек дауларының алдын алу және шешу мәселелері жөніндегі Кеңестің қызметі; еңбек жағдайлары және еңбекті қорғау туралы ережелерді қамтиды.

1. ӘЛЕУМЕТТІК СЕРІКТЕСТІК ЖӘНЕ ДИАЛОГ

Өңірде әлеуметтік әріптестік пен диалогты дамыту үшін Облыстық келісім шеңберінде Тараптар өзіне мынадай міндеттемелерді қабылдады:

1.1. Өңірлік деңгейде әлеуметтік әріптестіктің тиімді қызметін қамтамасыз ету үшін жұмыскерлер мен жұмыс берушілердің мүдделерін келісу бойынша әлеуметтік әріптестік және әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі өңірлік үшжақты комиссияның (бұдан әрі – өңірлік үшжақты комиссия) рөлін күшейтуге бағытталған бірлескен жұмыс бойынша.

Тараптар өңірлік үшжақты комиссияның отырыстарында тұрақты түрде бірлескен консультациялар мен келіссөздер жүргізуге, сондай-ақ еңбек қатынастарын және еңбек қатынастарына, сондай-ақ әлеуметтік-экономикалық қатынастарға тікелей байланысты өзге де мәселелерді реттеу бойынша оның шешімдерін толық, уақтылы және сапалы орындауға міндеттенеді.

Өңірлік үшжақты комиссияның өзіне жүктелген міндеттерді орындау мақсатында қабылданған шешімдері әлеуметтік әріптестіктің барлық

тараптары көрсетілген мерзімде міндетті түрде қарауға және орындауға тиіс;

1.2. Меншіктің барлық нысандарындағы кәсіпорындарда, ұйымдар мен мекемелерде ұжымдық шарттар жасасу мүмкіндігін мойындай отырып, өңірде әлеуметтік әріптестік қағидаттарын қолдануды кеңейту бойынша;

1.3. Павлодар облысында жасалған ұжымдық шарттардың мониторингі бойынша;

1.4. Еңбек ұжымдарының конференциялары мен жиналыстарында жұмыс беруші мен қызметкерлердің өкілдерімен олардың орындалуы туралы жыл сайын хабардар ету;

1.5. Өңірде барлық деңгейлерде әлеуметтік әріптестік пен диалогты дамытуға бағытталған бірлескен іс-шараларды өткізу бойынша;

1.6. 2024 жылы Өңірлік үшжақты комиссия (облыстық, қалалық, аудандық) туралы ережені (бұдан әрі – Ереже) жаңа редакцияда әзірлеу және қабылдау туралы;

1.7. Еңбек қатынастары саласындағы бар және анықталған проблемалық мәселелерді шешу бойынша практикалық, ұйымдастырушылық және заңнамалық сипаттағы келісілген ұсыныстарды әзірлеу бойынша.

2. БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ЖӘНЕ СТРАТЕГИЯЛЫҚ ҚҰЖАТТАР

Облыстық келісім шеңберінде Тараптар өңірдің бағдарламалық және стратегиялық құжаттарын қарау бойынша өзіне міндеттемелер қабылдады:

2.1. Өңірдегі кәсіпкерлік ахуалды жақсартуға, өңірлерді орнықты дамытуға бағытталған стратегиялық құжаттарда белгіленген экономика салаларындағы негізгі реформаларды іске асыруда бірлескен күш-жігерді біріктіру бойынша;

2.2. Әлеуметтік-еңбек және олармен байланысты өзге де қатынастарды қозғайтын өңірдің стратегиялық және бағдарламалық құжаттарын іске асырудың реттеуші және нақты әсерін, тиімділігін дайындауға, сараптама жүргізуге, орындауға және бағалауға жұмыс берушілер мен кәсіподақтар өкілдерінің қатысуына жәрдемдесу бойынша.

Тараптар әлеуметтік әріптестік жөніндегі өңірлік үшжақты комиссияның қарауына өз ұсыныстарын шығара отырып, өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуының бағдарламалық және стратегиялық жоспарларын/құжаттарын әзірлеуге қатысуға келісті.

Тараптар сондай-ақ өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуының стратегиялық және бағдарламалық құжаттарын іске асыруды талдауға қатысады, қажет болған жағдайда тиісті құжаттарды нақтылау жөнінде ұсыныстар береді (өңір халқының жұмыспен қамтылуын және табысын қалпына келтіруді, экономиканың өсуін және өңір экономикасындағы ұзақ мерзімді құрылымдық өзгерістерді, өңірдің бағдарламалық және стратегиялық құжаттарын, жергілікті атқарушы орган қызметінің негізгі бағыттарын, жергілікті атқарушы билік органдары қызметінің жоспарларын

және басқа да құжаттарды қоса алғанда);

2.3. Стратегиялық жоспарлау құжаттарын ескере отырып, өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуының орта мерзімді және ұзақ мерзімді болжамының негізгі параметрлерін қарауға қатысу бойынша;

2.4. Өңірді дамытудың мемлекеттік бағдарламасын іске асыру бойынша бірлескен іс-қимылдарды жүзеге асыру бойынша;

2.5. Әкімдік күштерімен мүмкіндігі шектеулі жандардың өмір сүру сапасын жақсарту, олардың әлеуметтік қолдауын күшейту және олардың қоғамға кірігуі үшін жағдай жасау бойынша пәрменді шараларды іске асыруға жәрдемдесу бойынша.

3. ӨҢІРДЕГІ ЕҢБЕК НАРЫҒЫ ЖӘНЕ ХАЛЫҚТЫ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ

Облыстық келісім шеңберінде өңірдегі жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету және жұмыссыздық деңгейін қысқарту үшін Тараптар өзіне мынадай міндеттемелерді қабылдады:

3.1. Сапалы жұмыс орындарына жағдай жасау және жұмыссыздар үшін жұмысқа орналасу мүмкіндіктерін кеңейту, инклюзивті еңбек нарығын қалыптастыру бойынша.

Жұмыс берушілер бос жұмыс орындары болған кезде ақпараттық деректер банкі құру үшін қалалар мен аудандардың жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімдеріне кадрларға қажеттілік туралы деректерді ұсынуға міндеттенеді;

3.2. Мамандықтар бөлінісінде өңір экономикасының кадрларға жыл сайынғы болжамды қажеттілігін айқындау бойынша; кәсіптік бағдарлау жүйесін дамыту; өндірісішілік оқытуды дамыту, тәлімгерлік институтын дамыту және танымал ету;

3.3. Еңбек ұтқырлығы мен көші-қонын ынталандыру, еңбек қатынастарын рәсімдеу және стандартты емес жұмыспен қамтудың барлық түрлерінде әлеуметтік кепілдіктерді кеңейту; жұмыс берушілердің шетелдік жұмыс күшін заңсыз тарту жағдайларын болдырмау, еңбек жағдайларын сақтамау фактілеріне, бірдей біліктілік кезінде тең еңбек үшін еңбекақы төлеудегі диспропорцияларға жол бермеу;

3.4. Бұқаралық ақпарат құралдары мен заманауи ақпараттық технологияларды пайдалана отырып, ақпараттық пиар-кампаниялар арқылы жұмысшы кәсіптерінің беделін арттыру, оның ішінде «Еңбек Жолы» республикалық конкурсын өткізу.

3.5. Еңбек шарттарын электрондық форматқа ауыстыруға жәрдемдесу бойынша;

3.6. Қаржы-экономикалық және өзге де дағдарыстардың салдарымен байланысты төтенше жағдайларды қоспағанда, қызметкерлерді жаппай босатуға жол бермеу бойынша (қызметкерлердің жалпы санының 10% - дан астамы).

Жұмысшыларды жаппай босату қаупі төнген жағдайда (жұмыс істейтіндер санының 10% - дан астамы) халықты жұмыспен қамту

мәселелері жөніндегі аумақтық уәкілетті мемлекеттік органды, еңбек инспекциясы жөніндегі жергілікті органды және кәсіподақты хабардар етсін.

Өзара консультациялар негізінде тараптар қалалар мен аудандардың әкімдіктерімен бірлесіп қаржыландыру көздерін айқындай отырып, қысқартылатын жұмыскерлерді қайта даярлау және оларды одан әрі жұмысқа орналастыру жөніндегі шұғыл іс-шаралар бағдарламасын әзірлейтін болады;

3.7. Барлық деңгейдегі өңірдің оқу орындарының (ЖОО, колледждер) студенттердің өндірістік практикадан өтуі туралы шарттар жасасуына жәрдемдесу бойынша;

3.8. Жастар арасында жұмыссыздықты төмендетуге, оның ішінде «Жастар практикасы» бағдарламасы шеңберінде шағын және орта бизнес құрылымдарында уақытша жұмыспен қамтуға жәрдемдесуге ерекше назар аудару бойынша;

3.9. Өңірде жұмыспен қамтуды арттыру және жұмыссыздықты қысқарту жөніндегі бағдарламаларды жыл сайынғы негізде әзірлеу бойынша.

4. ӘЛЕУМЕТТІК-ЕҢБЕК ДАУЛАРЫ, ҚАҚТЫҒЫСТАР МЕН ЕРЕУІЛДЕР

Облыстық келісім шеңберінде еңбек дауларын реттеу, әлеуметтік-еңбек жанжалдары мен ереуілдердің алдын алу және болдырмау үшін Тараптар өздеріне мынадай міндеттемелерді қабылдады:

4.1. Еңбек даулары мен жанжалдарын шешуге жәрдемдесу, ұжымдық-шарттық реттеу практикасын дамыту және өңірлік үшжақты комиссиялардың отырыстарында кәсіпорындардың проблемалық мәселелерін қарау бойынша.

Жұмыс берушілердің бірлестіктері (қауымдастықтары, одақтары) және кәсіподақтар жеке еңбек дауларын қарау кезінде келісім комиссиясының, татуластыру комиссиясының және ұжымдық еңбек дауларын қарау кезінде еңбек төрелігінің құрамына қатысу арқылы әлеуметтік әріптестік тетіктері арқылы қызметкерлер мен жұмыс берушілердің құқықтары мен мүдделерін білдіреді.

Тараптар еңбек қатынастары саласындағы ахуалды талдау мен мониторинг жүргізуге бірлесіп қатысу, проблемалық мәселелерді шешуде келісілген ұстанымды әзірлеу, мемлекеттік органдардың қатысуымен өңірлік үшжақты комиссиялардың отырыстарында атқарылған жұмыстың нәтижелерін тұрақты қарау туралы келісті.

4.2. Еңбек даулары мен жанжалдарын шешудің, әлеуметтік-еңбек саласындағы ұжымдық-шарттық реттеудің қолданыстағы тәртібін жетілдіру бойынша;

4.3. Жұмыскерлер, жұмыс берушілер үшін еңбек заңнамасының негіздерін түсіндіру, келіссөздер жүргізу дағдыларын дамыту және еңбек жанжалдарында, қауіпсіз еңбек мәселелері бойынша, оның ішінде жанжал

туғызу ықтималдығы жоғары кәсіпорындар ұжымдарында консенсусқа қол жеткізу бойынша бірлескен семинарлар мен тренингтер өткізу бойынша;

4.4. Ұжымдық еңбек дауларының алдын алу және шешу мәселелері жөніндегі кеңесті (бұдан әрі - Кеңес) тепе-тең негізде қалыптастыру бойынша.

Кеңестің саны мен құрамын әлеуметтік әріптестік тараптарының ұсыныстары бойынша әлеуметтік әріптестік жөніндегі өңірлік үшжақты комиссия айқындайды және өңірлік үшжақты комиссияның отырысында тараптар қабылдайтын кеңестің қызметі туралы ережеде көрсетіледі;

4.5. ҚР Еңбек кодексінің 52-бабы 1-тармағының 2) тармақшасы 3) тармақшасы және 58-бабы 1-тармағының 2) тармақшасы бойынша жұмыс берушінің бастамасы бойынша кәсіподақ мүшесі болып табылатын қызметкер жұмыстан шығарылған кезде кәсіподақ органының (жұмыс берушілер, кәсіподақтар) пікірін есепке алу бойынша;

4.6. Жұмыс беруші ұйымның экономикалық дәрменсіздігі (банкроттығы) жағдайында қызметкерлердің материалдық құқықтарын қорғау жөніндегі шаралар туралы консультациялар өткізу бойынша;

4.7. Еңбекақы төлеудің дәстүрлі емес түрлеріне жол бермеу бойынша;

4.8. Әлеуметтік-еңбек қатынастары саласындағы гендерлік проблемаларды шешуге, оның ішінде кәсіпорын басшыларын гендерлік саясат және кемсітушілікке қарсы шаралар мәселелері бойынша оқытуды ұйымдастыру, сондай-ақ балалар еңбегінің ең нашар нысандарын жою арқылы жәрдемдесу бойынша;

4.9. Еңбек жағдайлары мен еңбекті қорғау мониторингі жүйесін дамыту бойынша, оның ішінде өңірлік үшжақты комиссия отырыстарында өңірдегі еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғаудың, өндірістік жарақаттанудың, кәсіптік сырқаттанушылықтың жай-күйі туралы ақпаратты қарау бойынша.

5. ЕҢБЕК ЖАҒДАЙЛАРЫ ЖӘНЕ ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ

Облыстық келісім шеңберінде Тараптар еңбек қызметі процесінде қызметкерлердің өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін қамтамасыз етуді адами капиталды сақтау, лайықты еңбек жағдайларын жасау мақсатында ұлттық басымдықтардың бірі деп санайды және өзіне міндеттемелер қабылдайды:

5.1. Өңірдің әрбір кәсіпорнында еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі өндірістік кеңестерді құру және олардың қызметін жетілдіру бойынша;

5.2. Қауіпсіз еңбек мәселелері бойынша ақпараттық - түсіндіру және консультациялық жұмысты ұйымдастыру және өткізу бойынша (кеңестер, семинарлар, тренингтер, конференциялар);

5.3. Еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспекторлардың қызметін қолдау және жетілдіру бойынша ұжымдық шартта немесе жұмыс берушінің

актісінде айқындалатын мөлшерде ай сайынғы қосымша ақыны ынталандыру және көтермелеу мақсатында оларға төлемдер ұсыну;

5.4. Мәселелер бойынша өңірлік үшжақты комиссияның қарауына ұсыныстар дайындау бойынша:

– еңбек заңнамасын жетілдіру бойынша келісілген ұсынымдар әзірлей отырып, салалық келісімдерде белгіленген еңбекақы төлеу жүйесінің негізгі қағидаттарын және ұжымдық шарттарда жалақыны индекстеу тәртібін қолдануға бірлескен талдау жүргізу.

6. КЕЛІСІМНІҢ ОРЫНДАЛУЫН БАҚЫЛАУ ТӘРТІБІ

6.1. Әкімдік уәкілетті құрылымдық бөлімше атынан өзінің ресми сайтында «Әлеуметтік әріптестік» бөлімінде әлеуметтік әріптестікке байланысты барлық құжаттарды, оның ішінде облыстық келісімді, оны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын, ол бойынша мерзімді есептілікті (жылына кемінде 2 рет) орналастыруды қамтамасыз етеді; Ереже, оның отырыстарының барлық хаттамалары.

6.2. Тараптар осы облыстық келісімге қол қойылған күннен бастап бір ай мерзімде өзіне қабылданған міндеттемелерді орындау жөніндегі шаралар кешенін әзірлеуге және нақты мерзімдерді және орындауға жауапты тараптарды көрсете отырып, облыстық келісімді іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының жобасын қалыптастыру және оны өңірлік үшжақты комиссияда одан әрі қарау және бекіту үшін Павлодар облысының әкімдігіне жіберуге міндетті.

6.3. Облыстық келісімді іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының орындалуын бақылау және мониторингілеу Ережеде айқындалған тәртіппен жүзеге асырылады.

Облыстық келісімді іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының орындалуын бақылау және мониторингтеу қорытындылары бойынша өңірлік үшжақты комиссия Тараптардың орындауына міндетті шешімдер қабылдайды. Өңірлік үшжақты комиссияның шешімдері осы облыстық келісімді іске асыру нысаны болып табылады.

6.4. Тараптар өздерінің ресми интернет-ресурстарында облыстық келісімді іске асыру, өңірлік үшжақты комиссияның қызметі, әлеуметтік әріптестік пен әлеуметтік-еңбек қатынастарын дамыту мәселелеріне арналған материалдарды тұрақты жариялауды жүзеге асырады.

6.5. Өңірлік үшжақты комиссия жыл сайын Облыстық келісім ережелерінің орындалу барысын қарайды.

6.6. Өңірлік үшжақты комиссияның қызметін және облыстық келісімнің іске асырылу барысын жария ету мақсатында Тараптар әлеуметтік әріптестікті дамытуға және өңірдегі әлеуметтік - еңбек қатынастары проблемаларына арналған материалдарды бұқаралық ақпарат құралдарында тұрақты жариялауды қамтамасыз етеді.

7. ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ

7.1. Тараптар барлық тараптардың өзара келісімі бойынша қабылданатын, облыстық келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын жекелеген қосымша келісімдермен ресімделетін және оларға қол қойылған күннен бастап күшіне енетін осы облыстық келісімге өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізуге бастамашылық жасауға құқылы.

Өзгерістер мен толықтырулар жеке хаттамалармен рәсімделеді және оларға қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

7.2. Қазақстан Республикасының заңнамасы өзгерген және (немесе) облыстық келісімнің кез келген тарапының міндеттемелерін орындауға тікелей ықпал ететін өзге де мән-жайлар туындаған жағдайда, Тараптар оған өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу туралы мәселені қарауға міндетті.

7.3. Облыстық келісімге өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу туралы қосымша келісімге қол қойылғаннан кейін ол жалпыға бірдей белгіленген тәртіппен өзгертілген редакциямен облыстық келісімнің мәтінімен бірге ресми жариялануға тиіс.

7.4. Облыстық келісімді іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары оларға қол қойылған күннен бастап бір ай мерзімде енгізілген өзгерістерге және (немесе) толықтыруларға сәйкес келтіріледі.

8. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

8.1. Тараптар облыстық келісім шеңберінде өзіне алған міндеттемелерін орындауға, сондай-ақ облыстық келісімнің орындалуын бақылауды жүзеге асыру үшін қажетті ақпаратты беруге, аталған келіссөздерді жүргізу мерзімдеріне сәйкес келісімді өзгерту немесе толықтыру жөніндегі келіссөздерге қатысуға, сондай-ақ Тараптар айқындаған мерзімдерде өңірлік үшжақты комиссияның жұмысын қамтамасыз етуге Қазақстан Республикасының заңнамасымен жауапты болады.

8.2. Тараптар бір-бірінің қызметіне заңсыз араласуға, сондай-ақ кәсіподақтар мен олардың бірлестіктерін (қауымдастықтарын, одақтарын), сондай-ақ жұмыс берушілер бірлестіктерін (қауымдастықтарын, одақтарын) қалыптастыру, олардың жұмыс істеуі мен қызметі үшін кедергі жасауға және (немесе) шектеу жағдайларын жасауға жол бермейді.

8.3. Облыстық келісімде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ұғымдар пайдаланылады.

8.4. Облыстық келісімнің күші меншік нысанына қарамастан мемлекеттік органдарға, жұмыс берушілерге, өңірде белгіленген тәртіппен уәкілеттік берілген қызметкерлер мен олардың өкілдеріне қолданылады.

8.5. «Павлодар облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы» ММ жұмыс органы (үйлестіруші) болып табылады.


8.6. Облыстық келісім оған қол қойылған сәттен бастап күшіне енеді және келесі кезеңге облыстық келісім күшіне енгенге дейін қолданылады.

8.7. Павлодар қаласында Облыстық келісім «__»____2024 жылы Тараптардың әрқайсысы үшін мемлекеттік және орыс тілдерінде бірдей заңды күші бар ____ данада жасалды. Қол қоюға қатысушылардың әрқайсысында Келісімнің бір данасы болады.

Осы облыстық келісімге қол қойылды:

Жергілікті атқарушы органнан:

Павлодар облысы әкімінің орынбасары
А.А. Құрманова



Жұмыс берушілердің өкілетті өкілдерінен:

«PARYZ» Қазақстан Республикасы Жұмыс берушілердің (кәсіпкерлердің) Ұлттық Конфедерацияның бас директоры
А.К. Абиханов



Кәсіптік одақтардың аумақтық бірлестіктерінен:

«Павлодар облысының кәсіподақ орталығы» аумақтық кәсіподақтар бірлестігінің төрағасы
Д.Н. Айтжанова



«Аманат» ӘКК аумақтық кәсіподақтар бірлестігі филиалының төрағасы
Н.Ж. Сейтен

